

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 124 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 30-тармағына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың

интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Сипаттамада көзделген, осы Шешіммен бекітілген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және олардың сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізіліміне орналастырылуын қамтамасыз етуді Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 25 қазандағы
№ 124 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл
ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағида Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді іске асыру туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 108 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі деректермен электронды алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу ережесін бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағида "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағиданы жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы

процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағиданың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады, олар мыналарды білдіреді:

"авторластыру" – жалпы процестің белгілі бір қатысушыларына белгілі бір қимылдарды орындауға құқықтар беру;

"бірыңғай дерекқор" – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай ақпараттық дерекқор.

Осы Қағидада пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" және "жалпы процестің қатысушысы" ұғымдары 2015 жылғы 9 маусымдағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде анықталған мағыналарында қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.MM.03, 1.0.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаттары мыналар болып табылады:

а) Одақ шеңберіндегі дәрілік заттар айналымы саласындағы жалпы ақпараттық кеңістікті құру есебінен фармакобақылау және сапаны бақылау нәтижелері туралы ақпарат алмасумен байланысты шығындарды азайту үшін алғышарттар жасау;

б) жалпы процеске қатысушыларға дәрілік заттар туралы өзекті ақпараттарды дереу ұсыну есебінен Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың айналымын болдырмау үшін жағдайлар жасау.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі шеңберінде (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) оларға қатысты уәкілетті органдар сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмеуіне, жалған және (немесе) олардың шығарылған жерінің сипаты бойынша контрафактілі (бұдан әрі – жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар) болуына байланысты мүше мемлекеттердің аумағында айналымнан шығару туралы шешім қабылдаған дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс құру;

б) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын, Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметкерлерін (бұдан әрі – Комиссия) және мүдделі тұлғаларға бірыңғай дерекқордан жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер алу мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану тәртібінде (бұдан әрі – тәртіп) айқындалған жағдайларда жалған, контрафактілі және сапасы бойынша сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы интеграцияланған жүйе құралдарымен бір-біріне дереу хабар беру мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

г) тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде бірыңғай сыныптауыштар мен анықтамалықтарды пайдалануын қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың бірыңғай дерекқорды қалыптастыруға және жүргізуге жауапты, бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер алатын, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша интеграцияланған жүйе арқылы бірыңғай дерекқордан мәліметтер ұсынуды қамтамасыз ететін; Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқор

		мәліметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ететін органы
P.MM.03.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	дәрілік заттардың сапасын бақылауы жүзеге асыратын уәкілетті орган, мүше мемлекеттің атқарушы билік органы бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін интеграцияланған жүйе арқылы жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді Комиссияға ұсынаы. Тәртіппен белгіленген жағдайларда мәліметтерді жөнелтушінің немесе алушының функциясын орындайды.
P.MM.03.ACT.002	уәкілетті орган – мәліметтерді жөнелтуші	Тәртіпке сәйкес басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталғаны туралы хабарлама жіберетін, сапасыз, жалған немесе контрафактілі заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.MM.03.ACT.003	уәкілетті орган-мәліметтерді алушы	Тәртіпке сәйкес интеграцияланған жүйе арқылы уәкілетті орган-мәліметтерді жөнелтуші жіберген жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталғаны туралы мәліметтерді жіберген хабарламаны алатын, сапасыз, жалған немесе контрафактілі заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.MM.03.ACT.004	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқордан мәліметтер сұрататын заңды немесе жеке тұлға. Дәрілік заттар айналымының субъектілері де, мемлекеттік биліктің мүдделі органдары да мүдделі тұлға ретінде бола алады.

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің қолданылу мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын қамтиды:

- а) бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері;
- в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы мәліметтермен алмасу рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде электрондық түрде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынатын жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтердің негізінде бірыңғай дерекқорды қалыптастыру, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға көрсетілген мәліметтерді ұсыну, сондай-ақ Комиссия бекіткен контрафактілі, жалған және (немесе) сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталуы бойынша мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл тәртібінде (бұдан әрі – өзара іс-қимыл тәртібі) көзделген жағдайларда жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты жедел хабарларды, қосымша мәліметтерді жіберу кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы алмасу жүзеге асырылады.

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру кезінде бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу;
- бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту;
- бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына бірыңғай дерекқорға енгізілген жалған , контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді ұсыну кезінде мәліметтер ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:


- бірыңғай дерекқордың жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу;
- бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алу;
- бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу.

Өзара іс-қимыл тәртібінде көзделген жағдайларда, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы мәліметтермен алмасу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілуі туралы хабарлама;
- жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды жіберу;

жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді алу;

12. Келтірілген жалпы процесс құрылымының сипаттамасы 1 суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

13. Операциялардың нақтыланған сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерін орнатудың тәртібі осы Қағиданың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процесс рәсімдерінің арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотацияларын пайдалана отырып құрылған (модельдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) және мәтіндік сипаттамамен жаракталған.

4. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органынан дерекқорды жаңарту үшін жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді қосу (өзгерту, алып тастау) туралы ақпаратты алу кезінде басталады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну 2016 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 124 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша


талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті). Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы 2016 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 124 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы).

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы дәрілік затты айналымнан шығару туралы шешім қабылдаған кезде "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу" рәсімі (P.MM.03.PRC.001) орындалады.

Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді өзгерту қажеттілігі туындаған кезде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.MM.03.PRC.002) орындалады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы дәрілік затты айналымнан алып тастау туралы шешімнің күшін жойған, мүше мемлекеттің сот органы уәкілетті органның дәрілік затты сапасы бойынша талаптарға сәйкес емес, жалған және (немесе) контрафактілі деп танығандығы туралы шешімін құқығы заңсыз деп таныған кезде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.MM.03.PRC.003) орындалады.

16. Келтірілген бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының сипаттамасы 2 суретте берілген.



2 сурет. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы рәсімдердің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін рәсімдердің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.PRC.001	бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді ұсынуына, бірыңғай дерекқорды жаңартуына және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауына арналған.
P.MM.03.PRC.002	бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер енгізу	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы өзгертілген мәліметтерді беруіне, бірыңғай дерекқорды жаңартуына және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауына арналған.

P.MM.03.PRC.003	бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алып тастау	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға бірыңғай дерекқордан алып тастауға жататын жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді қалыптастыруына және ұсынуына, бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін және оны Одақтың ақпараттық порталында жариялауына арналған.
-----------------	---	--

5. Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы

18. Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салуды алған кезде жүзеге асырылады.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұрау салулардың мынадай түрлерін жүзеге асыра алады:

бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді сұрату;

бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұрату;

бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату.

бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді сұратуды мүше мемлекеттің уәкілетті органы мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталған жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорда сақтаулы мәліметтермен үйлестіру қажеттілігіне баға беру мақсатында орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.MM.06.PRC.004) рәсімі орындалады.


Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе сұрау салудың шартына қарай нақты мүше мемлекет бойынша барлық жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы өзекті мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді сұрату ағымдағы күнге де, сұрау салуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алу" (P.MM.03.PRC.005) рәсімі орындалады.

Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді сұрату мүше мемлекеттің уәкілетті органының жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы өзгертілген мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Сұрау салуды орындау кезінде қосылуы, алынып тасталуы немесе өзгеруі сұрау салуда

көрсетілген күннен және уақыттан бастап сұрау салу орындалған сәтке дейінгі кезеңде орын алған бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтер ұсынылады. Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтер барлық мүше мемлекеттер бойынша немесе сұрау салудың шартына қарай нақты мүше мемлекет бойынша ұсынылады. Көрсетілген сұрау салу тыйым салынған дәрілік заттар туралы мәліметтер алғашқы жүктелген кезде, мысалы жалпы процесті іске қосу кезінде, жаңа мүше мемлекеттің қосылуы, істен шыққаннан кейін ақпаратты қайта қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу" (P.MM.03.PRC.006) рәсімі орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

19. Келтірілген бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының сипаттамасы 3 суретте берілген.



3-сурет. Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Бірыңғай дерекқорда қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.PRC.004	бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу	рәсім сұрау салу бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен Комиссияның бірыңғай дерекқордың жаңартылған күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуына арналған
P.MM.03.PRC.005	бірыңғай дерекқордан мәліметтерді алу	рәсім сұрау салу бойынша мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен Комиссияның бірыңғай дерекқордан өзекті мәліметтерді ұсынуына арналған
P.MM.03.PRC.006	бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім Комиссияның уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерінен сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттан сұрау салуды орындау сәтіне дейінгі кезең үшін бірыңғай дерекқордан өзгертілген мәліметтерді ұсынуына арналған

6. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдерінің тобы

21. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдері жедел хабарламаларды жіберу кезінде, сондай-ақ өзара іс-қимыл тәртібінде көзделген жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді алу қажеттілігі кезінде орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну 2016 жылғы 25 қазандағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 124 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында анықталған, сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың, сондай-ақ жалған және (немесе) контрафактілі дәрілік заттардың бірыңғай ақпараттық дерекқорын қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге


асырылады. Көрсетілген мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс.

Уәкілетті орган – мәліметтерді жөнелтуші жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты жедел хабарламаларды жіберген кезде "Мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілгені туралы хабардар ету" (P.MM.03.PRC.007) рәсімі орындалады.

Уәкілетті орган – мәліметтерді алушының жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді алу қажеттілігі кезінде "Жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау салу жіберу" (P.MM.03.PRC.008) рәсімі орындалады.

Уәкілетті орган – мәліметтерді алушы жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау слауға жауап жіберген кезде "Жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді алу" (P.MM.03.PRC.009) рәсімі орындалады.

22. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 4 суретте берілген.



4-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдері тобының жалпы схемасы

23. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында мәліметтермен алмасу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.PRC.007	мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілгені туралы хабардар ету	рәсім уәкілетті орган – мәліметтерді жөнелтушінің басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын бірыңғай дерекқорға жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтердің енгізілгені туралы хабардар етуіне арналған
P.MM.03.PRC.008	жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау жіберу	рәсім арналған уәкілетті орган – мәліметтерді алушының уәкілетті орган – мәліметтерді жөнелтушіге жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуға сұрау жіберуіне арналған
P.MM.03.PRC.009	жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді алу	рәсім уәкілетті орган – мәліметтерді жөнелтушінің уәкілетті органға – мәліметтерді алушыға жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттардың анықталу фактісімен байланысты қосымша мәліметтерді ұсынуына арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Ақпараттық объект қасиеттерінің сипаттамасы, ол туралы немесе одан жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процесінде берілетін мәліметтер 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ақпараттық объекті қасиеттерінің сипаттамасы

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.BEN.001	бірыңғай дереккор	мүше мемлекеттердің аумақтарында анықталған жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурс

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуіне бағытталған талаптарды орындамағаны үшін өзара іс-қимылға қатысушы лауазымды адамдар мен Комиссия қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылады, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту – мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Тип	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.009	халықаралық өлшем бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссияның № 20 ұсынымына сәйкес өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдер мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды
	дәрілік заттардың халықаралық		дәрілік заттардың кодтары мен

P.CLS.038	патенттелмеген атауларының анықтамалығы	анықтамалық	халықаралық патенттелмеген атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.039	дәрілік препараттардың құрамындағы әсер етуші заттардың дозасі мен концентрациясын өлшеу бірліктерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әсер етуші заттардың дозасі мен концентрациясын фармакологияда сандық белгілеу үшін пайдаланылатын өлшем бірліктерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.041	дәрілік нысандардың номенклатурасы	сыныптауыш	дәрілік нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.044	дәрілік препараттар орамалары жинақтаушы құралдарының анықтамалығы	анықтамалық	дәрілік препараттардың екінші (тұтынатын) орамаларында қамтылған жинақтаушы құралдардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.046	дәрілік өсімдік шикізаттардың анықтамалығы	анықтамалық	дәрілік өсімдік шикізаттардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.069	дәрілік заттардың бастапқы орама түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың бірінші орамалары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.109	дәрілік заттардың топтастырылған, жалпы қабылданған және химиялық атауларының анықтамалығы	анықтамалық	дәрілік заттардың топтастырылған, жалпы қабылданған және химиялық атауларының кодтарын қамтиды
P.CLS.110	қосалқы заттардың сыныптауышы	сыныптауыш	қосалқы заттардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.111	қосалқы заттардың функционалдық қолданыстарының сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың құрамына кіретін қосалқы заттардың функционалдық қолданыстарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды


P.CLS.112	гомеопатикалық материал атауларының анықтамалығы	анықтамалық	гомеопатикалық материалдың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.113	дәрілік заттардың екінші (тұтынатын) ормалары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	дәрілік заттардың екінші (тұтынатын) ормалары түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.MM.03.CLS.001	дәрілік заттар сапасының сәйкессіздік көрсеткіштерінің сыныптауышы	сыныптауыш	сапа жөніндегі нормативтік құжаттар бойынша дәрілік заттар сапасының сәйкессіздік көрсеткіштерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.MM.03.CLS.002	бақыланатын ұйымдар түрлерінің анықтамалығы	анықтамалық	бақыланатын ұйымдар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу" рәсімі (P.MM.03.PRC.001)

27. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.03.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 5 суретте берілген.



5-сурет. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімін орындаудың схемасы (P.MM.03.PRC.001)

28. "Мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу" рәсімі (P.MM.03.PRC.001) мүше мемлекеттің уәкілетті органы дәрілік затты айналымнан шығару туралы шешім қабылдаған кезде орындалады.

29. Бірінші болып "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну " (P.MM.03 .OPR.001) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға енгізу үшін жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

30. Комиссия бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер алған кезде "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.03.OPR .002) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер бірыңғай дерекқорға енгізіледі. Мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі .

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде "Мәліметтердің бірыңғай дерекқорға

енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу" операциясы орындалады (P.MM.03.OPR.003), оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.03.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.03.OPR.004) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша Одақтың ақпараттық порталында мүше мемлекеттің уәкілетті органынан алынған контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер орналастырылады.

33. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.03.PRC.001) рәсімін орындаудың нәтижесі жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізу Одақтың ақпараттық порталында бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді жариялау болып табылады.

34. "Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" (P.MM.03.PRC.001) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

"Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізу" рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.MM.03.PRC.001)

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.OPR.001	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағиданың 8 кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.002	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағиданың 9-кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.003	мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағиданың 10-кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.004	бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағиданың 11-кестесінде келтірілген

8-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының сипаттамасы (P.MM.03.OPR.001)

№ р/с	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.03.OPR.001
2	Операция атауы	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	қабылдаған кезде орындалады дәрілік затты айналымнан шығару туралы шешім
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер қалыптастырады және оларды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер Комиссияға ұсынылды

9-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" операциясының сипаттамасы (P.MM.03.OPR.002)

№ р/с	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.03.OPR.002
2	Операция атауы	бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді алған кезде орындайды ("Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P.MM.03.OPR.001))
		ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына

5	Шектеулер	сәйкес келуі тиіс. Авторлық тіркелу талап етіледі, мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ғана ұсынады. Электрондық құжаттың деректемелері (мәліметтері) Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы жаңа мәліметтерді бірыңғай дерекқорға енгізуді жүзеге асырады, жаңартылған күні мен уақытын толтырады және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес енгізілетін мәліметерге сәйкес келетін өңдеу нәтижелерінің кодымен мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді
7	Нәтижелері	бірыңғай дерекқор жаңартылды, мүше мемлекеттің уәкілетті органына Мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

10-кесте

"Бірыңғай дерекқорға мәліметтерді енгізудің нәтижелері туралы хабарламаны алу" операциясының сипаттамасы (P.MM.03.OPR.003)

№ р/с	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.03.OPR.003
2	Операция атауы	мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
		Комиссия бірыңғай дерекқорды жаңарту үшін жалған,

4	Орындау шарттары	контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" операциясы (P.MM.03.OPR.002))
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссияның арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	мүше мемлекеттің уәкілетті органы Мәліметтердің бірыңғай дерекқорға енгізілу нәтижелері туралы хабарламаны алды


11-кесте

"Бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау" операциясының сипаттамасы (P.MM.03.OPR.004)

№ р/с	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.03.OPR.004
2	Операцияның атауы	бірыңғай дерекқорға енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы бірыңғай дерекқорды жаңартылған соң орындайды (" Бірыңғай дерекқорға енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу" операциясы (P.MM.03.OPR.002))
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы жаңа контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялайды

"Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.MM.03.PRC.002)

35. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.MM.03.PRC.002) рәсімін орындаудың схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімін орындаудың схемасы (P.MM.03.PRC.002)

36. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.MM.03.PRC.002) мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға өзгертілген жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді ұсыну қажеттілігі туындаған кезде орындалады.

37. Бірінші болып "Бірыңғай дерекқорға өзгерістерді енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.MM.03.OPR.005) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға ұсынады.

38. Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін Комиссияға мәліметтер келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқорды өзгерту үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.03.OPR

.006) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша бірыңғай дерекқордағы тиісті мәліметтер жаңартылады. Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерді өзгертудің нәтижелері туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі

39. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бірыңғай дерекқордағы мәліметтердің өзгертілгені туралы хабарлама келіп түскен кезде "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтердің өзгертілгені туралы хабарламаны алу" (P.MM.03.OPR.007) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Бірыңғай дерекқорды өзгерту үшін мәліметтерді алу және өңдеу" (P.MM.03.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Бірыңғай дерекқордағы өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.MM.03.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындаудың нәтижесі бойынша Одақтың ақпараттық порталында мүше мемлекеттің уәкілетті органынан алынған өзгертілген контрафактілі, жалған немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтер жарияланады.

41. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер енгізу" (P.MM.03.PRC.002) рәсімін орындаудың нәтижесі жаңартылған және жарияланған өзгерістердің тарихын көрсету мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында жарияланған бірыңғай дерекқор болып табылады.

42. "Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер енгізу" рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.MM.03.PRC.002) 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

"Бірыңғай дерекқордағы мәліметтерге өзгерістер енгізу" рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.MM.03.PRC.002)

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.MM.03.OPR.005	бірыңғай дерекқорға өзгерістерді енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағиданың 13-кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.006	бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағиданың 14-кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.007	бірыңғай дерекқордағы мәліметтердің өзгертілгені туралы хабарламаны алу	осы Қағиданың 15-кестесінде келтірілген
P.MM.03.OPR.008	бірыңғай дерекқордағы өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағиданың 16-кестесінде келтірілген

13-кесте

"Бірыңғай дерекқорға өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының сипаттамасы (P.MM.03.OPR.005)

№ р/с	Элементтің таңбалануы	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.MM.03.OPR.005
2	Операция атауы	бірыңғай дерекқорға өзгерістерді енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	мүше мемлекеттің уәкілетті органының Комиссияға өзгертілген жалған, контрафактілі немесе сапасы бойынша талаптарға сәйкес келмейтін дәрілік заттар туралы мәліметтерді ұсыну қажеттілігі туындаған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
